

**6B02104-Спорттық бал биі педагогикасы
білім беру бағдарламасы бойынша
шығармашылық емтихан бағдарламасы**

1. Жалпы ережелер

1.1 6B02104 – Спорттық бал биі педагогикасы білім беру бағдарламасы бойынша түсу шығармашылық емтиханының осы бағдарламасы шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламасына түсушілер үшін шығармашылық бағыттағы түсу емтиханын өткізу тәртібін белгілейді.

1.2 Шығармашылық емтиханның мақсаты оқуға түсушінің шығармашылық қабілеттерінің және шығармашылық бағыттағы кәсіпті меңгерудің жеке алғышарттарының болуын тексеру, хореографиялық пәндерді кәсіби оқыту үшін қажетті педагогикалық іс-әрекетке және логикалық ойлауға бейімділігін анықтау, сондай-ақ спорттық бал биі саласында кәсіби педагогиканың өзіндік ерекшеліктері бар оқу бағдарламасын сәтті меңгеру үшін оқуға түсушінің дайындық дәрежесін анықтау болып табылады.

Мамандарды даярлау Қазақстан Республикасының жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағыттарына сәйкес жүргізіледі.

1.3 Оқу процесінде осы білім беру бағдарламасының білім алушылары:

- бағдарламалық материалды зерделейді;
- әр түрлі ұлттардың тарихы мен мәдениетін зерттейді;
- оқу-би оқу мысалдарын құрастыруды үйренеді;
- хореографиялық пәндерді оқыту әдістемесін қолдануды үйренеді;
- шешендік өнерді үйренеді;
- сабақ жоспарын құрады;
- музыкалық және би формалары туралы біледі;
- оқу және би мысалдарын құрастыру үшін музыкалық материалды таңдап, қолдана білуді үйренеді;
- музыкалық материалды дұрыс орналастыруды үйренеді;
- практикалық көрсетілімді меңгереді.

2. Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар

2.1. Оқуға түсушінің жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары болуы тиіс.

2.2 Оқуға түсушінің:

- практикалық сабақтарда хореографиямен айналысуға мүмкіндік беретін тиісті анатомиялық табиғи деректері (сау дене аппараты, дененің пропорционалды фигурасы, мүсінді аяқтар, жалпақ табанның, еңкіштіктің болмауы, көтерудің, икемділіктің және иілгіштіктің болуы);

- тиісті психофизикалық деректері (табиғи музыкалық, ырғақтық, жүйке жүйесінің реактивтілігі мен қозғалғыштығы, қимыл жады, шығармашылық қиял, мықты жүйке жүйесі);

- физикалық жағдайлары (төзімділік, тірек-қимыл аппаратының патологиясының болмауы, ішкі ағзалардың сау болуы (жүрек, бауыр, бүйрек, асқазан және т.б.) және т. б.);

- педагогикалық қызметке бейімділігі.

- шығармашылық әлеуеті.

- спорттық бал биі саласындағы базалық білімі болуы тиіс.

- бал хореографиясының тарихы туралы қарапайым білімді меңгеру, бал биі саласындағы Қазақстанның көрнекті қайраткерлерін білуі;

- музыка теориясы туралы қарапайым білімді меңгеруі тиіс.

Оқуға түсуші білуі және меңгеруі тиіс:

- орындаушылық қасиеттері: спорттық бал биінің негізгі фигураларын мәнерлі және техникалық сауатты орындау, қимыл жадына ие болу;

- әртістік деректері - орындалатын бидің сипатын жеткізе алу қабілеті;

- құрастыру дағдылары – тізбектерді құрастырудың базалық принциптері;

- спорттық бал биі саласындағы негізгі теориялық білім.

2.3 Оқуға түсуші педагогтің тапсырмасы бойынша би қимылдарын жаңғырта білуі тиіс; спорттық бал билерінің еуропалық және латынамерикалық бағдарламаларының «D» деңгейі бойынша базалық білімі болуы тиіс. Оқуға түсуші би техникасын меңгергендігін, эмоционалдылығын, әртістігін және музыкалық орындаушылығын көрсетуі тиіс.

3. Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

3.1 Шығармашылық емтихандардан өту үшін оқуға түсуші балет залына жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жіберіледі.

3.2 Шығармашылық емтихандар басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және арнайы пәндер бойынша емтихандардан өту тәртібі, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі түсіндіріледі. Шығармашылық емтихандарды тапсырудың ерекшеліктері консультация беру кезінде түсіндіріледі. Арнайы пәндер бойынша консультацияларға қатысу міндетті.

Консультацияларда оқуға түсушілерге емтихан тапсыру үшін оқу материалы беріледі және арнайы пәндер бойынша емтихандардан өтуге қойылатын тәртіп, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны, апелляцияға өтініш беру рәсімі түсіндіріледі. Консультация өткізу кезінде оқуға түсуші бал хореографиясының тарихы, сондай-ақ емтиханға шығарылатын оқу мысалдарының бейнежазбасы бойынша қажетті ақпарат алады.

3.3 Шығармашылық емтихандарды онлайн режимде қабылдаған жағдайда, оқуға түсуші шығармашылық емтихандарға қатысу үшін бейнематериалдарды алдын ала жазып алады және ағымдағы жылдың 6 шілдесінен кешіктірмей қабылдау комиссиясының электрондық мекенжайына жібереді. (admissions-vpro@balletacademy.kz).

4. Шығармашылық емтиханның бағдарламасы

4.1. Оқуға түсушілер екі шығармашылық емтихан тапсырады. Шығармашылық емтихандар практикалық бөлімнен және билеттер бойынша коллоквиумнан тұрады.

4.2 **1-шығармашылық емтихан.** Оқуға түсушілердің спорттық бал билерінің еуропалық және латынамерикалық бағдарламалары бойынша базалық білімі болуы тиіс: әдістемелік тұрғыдан дұрыс және сауатты орындалуы, терминологиясы (негізгі қимылдардың атауы), музыкалық материалға қимылдардың орналасуы, музыка ырғағының метрін анықтау. Спорттық бал биінің еуропалық және латынамерикалық бағдарламалары бойынша негізгі қозғалыстардың практикалық көрсетілімі.

1) Спорттық бал биі (еуропалық бағдарлама):

- еуропалық бағдарлама биінің практикалық көрсетілімі. Өнер көрсету ұзақтығы кемінде 2 минут.

2) Спорттық бал биі (Латынамерикалық бағдарлама):

- латынамерикалық бағдарлама биінің практикалық көрсетілімі. Өнер көрсету ұзақтығы кемінде 2 минут.

4.3 **2-шығармашылық емтихан.** Билет бойынша ауызша жауаптарда түсуші жалпы мәдени деңгейін, эрудициясын, бал хореографиясының дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтары туралы білімін, би спорты мен аралас өнердің қазіргі жай-күйі туралы билетін дәрежесін көрсетуі тиіс.

1) Спорттық бал биі (еуропалық бағдарлама)

- билеттер бойынша жауап (қимылдарды орындау әдістемесі, бал билерінің тарихы туралы қарапайым білімдерді меңгеру).

2) спорттық бал биі (Латынамерикалық бағдарлама)

- билеттер бойынша жауап (қимылдарды орындау әдістемесі, бал билерінің тарихы туралы базалық білімді меңгеру).

4.4 Шығармашылық емтихандарды онлайн режимде қабылдаған жағдайда оқуға түсуші алдын ала қабылдау комиссиясына бейнематериалды жіберуі тиіс, сондай-ақ оқу түсетін кездегі бойы мен салмағын айтуы тиіс.

Оқуға түсуші консультацияларда алынған комбинацияларды практикалық орындай отырып, бейнематериалды жібереді, бұл ретте ол спорттық бал биінің еуропалық және латынамерикалық бағдарламалары бойынша базалық білімі болуы тиіс: материалды сауатты орындау, терминология (негізгі қимылдардың атауы), музыкалық материалға қимылдарды орналастыру, музыканың метро-ырғағын айқындау. Спорттық бал биінің еуропалық және латынамерикалық бағдарламаларының негізгі қимылдарының практикалық көрсетілімі.

1-шығармашылық емтихан.

1) Спорттық бал биі (Еуропалық бағдарлама):

- консультациялар барысында алынған Еуропалық бағдарламаның би фигураларының стандартты қосылыстарының оқу мысалдарын практикалық көрсету (бейне түрлі арнайы эффектілерді қолданбай MP4 / AVI форматында (ажыратылымдығы: кемінде 1280×720) жақсы сапада түсірілуі тиіс, түсірілім көлденең форматта жүргізілуі тиіс, ұзақтығы 2 минуттан аспайды).

2) Спорттық бал биі (Латынамерикалық бағдарлама):

- консультациялар барысында алынған латынамерикалық бағдарламаның би фигураларының стандартты қосылыстарының оқу мысалдарын практикалық көрсету (бейне түрлі арнайы эффектілерді қолданбай MP4 / AVI форматында (ажыратылымдығы: кемінде 1280×720) жақсы сапада түсірілуі тиіс, түсірілім көлденең форматта жүргізілуі тиіс, ұзақтығы 2 минуттан аспайды).

2-шығармашылық емтихан.

1) Бал биінің тарихы және қимылдарды орындау әдістемесі мәселелері бойынша коллоквиум (консультациялар барысында алынған қарапайым білімдерді меңгеру). Спорттық бал биі (Еуропалық бағдарлама).

2) Бал биінің тарихы және қимылдарды орындау әдістемесі мәселелері бойынша Коллоквиум (консультациялар барысында алынған қарапайым білімдерді меңгеру). Спорттық бал биі (Латынамерикалық бағдарлама).

4.4 Киім формасы: хореографиямен және спорттық бал билерімен айналысуға арналған еуропалық (латынамерикалық) спорттық бал биі бағдарламасына арналған арнайы аяқ киім, міндетті түрде әйелдер аяқ киіміне арналған өкшеліктер болуы тиіс. Қыздар үшін: купальник және жаттығу юбкасы немесе көйлек (Еуропалық, Латынамерикалық бал билері бағдарламасы), ұқыпты жиналған шаш. Ұлдар үшін: көйлек немесе денеге қонымды футболка және шалбар (Еуропалық, Латынамерикалық бал билерінің бағдарламалары).

5. Шығармашылық емтихан сұрақтарының тізбесі

6B02104 – Спорттық бал биі педагогикасы білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсушілер үшін «Латынамерикалық бағдарлама» және «Еуропалық бағдарлама» бойынша емтихан сұрақтарының тізбесі:

1. «Samba» биінің музыкалық негізі. Ырғақ. Санау. Акценттер. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
2. «Cha-cha-cha» биінің музыкалық негізі. Ырғақ. Санау. Акценттер. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
3. «Jive» биінің музыкалық негізі. Ырғақ. Санау. Акценттер. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
4. Латынамерикалық бағдарлама билерін музыкалық сүйемелдеуді орындаудың жылдамдығы. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
5. «Jive» биінің негізгі элементтерін атау және көрсету. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
6. «Cha-cha-cha» биінің негізгі элементтерін атау және көрсету. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
7. «Samba» биінің негізгі элементтерін атау және көрсету. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
8. Латынамерикалық бағдарламаны құрайтын билерді сипаттау. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
9. «Е», «Д» сыныптарындағы билердің рұқсат етілген саны және орындаудың міндетті тәртібі.

10. «Е» сыныбының орындаушылары үшін конкурста рұқсат етілген музыкалық сүйемелдеудің дыбысталуы, жылдамдығы мен сипаты. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
11. Латынамерикалық билерде қолданылатын жұптағы негізі позициялар және қол позициялары. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
12. Қазақстан Республикасы Спорттық би федерациясының латынамерикалық бағдарламада рұқсат етілетін билер мен дене бітімдері туралы қағидалары. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
13. ҚР СБФ құрылымы туралы айту. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
14. Латынамерикалық бағдарламада қолданылатын жүргізу. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
15. «Samba» биінде қолданылатын «Баунс действие». Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
16. «Samba» биінде денені қою. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
17. «Cha-cha-cha» биінде денені қою. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
18. «Jive» биінде денені қою. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
19. Би сыныптарын атау және сипаттау. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
20. Қазақстан Республикасының жетекші клубтары мен би студиялары туралы айтып беру. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
21. ҚР СБФ би спортын дамыту және көпшілікке таныту рөлі. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
22. Латынамерикалық бағдарлама жаттықтырушысының негізгі функциялары. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
23. Қазақстан Республикасының латынамерикалық бағдарламадағы ең күшті орындаушыларын атау. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
24. Латынамерикалық бағдарламадағы ең күшті әлемдік орындаушыларды атау. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
25. Қазақстан Республикасындағы спорттық бал биінің тарихы. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
26. Баяу вальс – бидің шығу тарихы. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
27. Квикстеп – еуропалық бағдарлама биінің сипаттамасы. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
28. Баяу вальс – негізгі қадамдарды орындау ерекшеліктері, олардың музыкалығы. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
29. Баяу вальс – негізгі фигуралардың өлшемі, санағы, жылдамдығы, ырғағы.
30. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.

31. Баяу вальс – өкшемен жұмыс істеу техникасы, көтерілулер мен баяулаулар. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
32. Квикстеп – еуропалық бағдарламаның басқа билерінде кездесетін фигураларды атау, көрсету. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
33. Танго – еуропалық бағдарламаның басқа билерінен айырмашылығының сипаттамасы. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
34. Танго – би ерекшелігінің сипаттамасы. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
35. Квикстеп – бидің шығу тарихы. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
36. Танго – өкшемен жұмыс істеу техникасы. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
37. Танго – би фигураларын орындаудың негізгі бағыттары. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
38. Танго – такт, санаудың музыкалық ерекшеліктері. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
39. Танго – жұптағы позиция, басқа еуропалық билерден айырмашылығы. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
40. Стандарттық біріктірулерді құрастыру әдістемесі. Таңдау бойынша билердің фигураларынан мысал көрсету: SW, T, Q. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
41. Еуропалық бағдарламада променадтық фигураны орындауға көшу әдістері. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
42. Баяу вальс – «Алға бағытталған шассе оңға» фигурасының стандарттық біріктірулерін құрастыру әдістемесі, мысалдарды көрсету. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
43. Танго – фигуралар: Форстеп, Минифайвстеп, Форстеп чейндж, фолэ форстеп – бұл фигураларға не ортақ? Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
44. Вена вальсі – Еуропалық бидің сипаттамасы. Негізгі фигуралардың музыкалық өлшемі, санағы, жылдамдығы, ырғағы. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
45. Вена вальсі – «Оң бұрылыс» фигураларының стандарттық біріктірулерін құрастыру әдістемесі, мысалдарды көрсету. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
46. Қазақстан Республикасының би спортының негізгі ережелері. Таңдау бойынша стандарттық біріктірулерін практикалық көрсету.
47. Баяу вальс – стандарттық біріктірулерді құрастыру әдістемесі. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
48. Квикстеп – бидің шығу тарихы. Бидің ерекшеліктері. Еуропалық бағдарламаның басқа билерінен айырмашылығы. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
49. Квикстеп – стандарттық біріктірулерді құрастыру әдістемесі. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.

50. Баяу фокстрот - бидің шығу тарихы. Бидің ерекшеліктері. Еуропалық бағдарламаның басқа билерінен айырмашылығы. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.
51. Еуропалық бағдарламаның бал билерінің жіктелуі. Жас санаттары. Таңдау бойынша стандарттық біріктіруді практикалық көрсету.

6. Бағалау критерийлері

Кәсіби деректер (балтырды көтеру, икемділік және иілгіштік), бидегі әртістік мәнерлілік болған кезде 36-45 балл қойылады. Емтихан тапсырушы негізгі фигураларды орындау техникасын жақсы меңгерген, тамаша теориялық білім мен сауатты практикалық көрсетілім, музыкалық қабілетін көрсетеді, музыканың метро-ырғағын анықтайды. Тамаша шығармашылық әлеуеті бар.

Егер оқуға түсушінің кәсіби деректері (балтырды көтеру, икемділік және иілгіштік) болса, биде әртістік мәнерлілігі болған жағдайда, 26-35 балл қойылады. Емтихан тапсырушы негізгі фигураларды орындау техникасын жақсы меңгерген, теориялық білімі мен практикалық көрсетілімін, музыкалық қабілетін көрсетеді, музыканың метро-ырғағын анықтайды. Шығармашылық әлеуеті бар.

Оқуға түсушінің орташа физикалық деректері болған жағдайда, 16-25 балл қойылады. Емтихан алушы негізгі фигураларды орындау техникасын жақсы меңгермеген, теориялық білімі мен практикалық көрсетілімін, музыкалық қабілетін көрсетеді, музыканың метро-ырғағын анықтайды.

Егер оқуға түсушінің биде кәсіби деректері (көтергіштігі, икемділігі және икемділігі), әртістік мәнерлілігі болмаса, бірақ осы бейін бойынша оқуға әлеуетті болса, 5-15 балл қойылады. Емтихан алушы негізгі фигураларды орташа орындайды, теориялық білімдерін көрсетпеген, музыкалық қабілеті жоқ, музыканың метро-ырғағын анықтай алмайды.

Егер оқуға түсушінің биде кәсіби деректері (көтерілуі, икемділігі және икемділігі), әртістік мәнерлілігі болмаған жағдайда, 0-4 балл қойылады. Емтихан тапсырушы базалық фигураларды орындау техникасын меңгермеген, теориялық білімі мен практикалық көрсетілімін, музыкалық қабілетін көрсетпеген, музыка ырғағын анықтай алмайды. Шығармашылық әлеуеті жоқ. Оқуға түсуші осы бағыт, бейін бойынша оқуға дайын емес немесе қабілетті емес.

7. Ұсынылатын әдебиеттер

7.1 Латынамерикалық бағдарлама бойынша ұсынылатын дереккөздер:

- 1) Волтер Лэйерд «Техника Латиноамериканских танцев Лэйерда (Самба)», издание 7-е, 2014., 72 с.
- 2) Волтер Лэйерд «Техника Латиноамериканских танцев Лэйерда (Ча-ча-ча)», издание 7-е, 2014., 80 с.
- 3) Волтер Лэйерд «Техника Латиноамериканских танцев Лэйерда (Румба)», издание 7-е, 2014., 62 с.
- 4) Волтер Лэйерд «Техника Латиноамериканских танцев Лэйерда (Пасодобль)», издание 7-е, 2014., 72 с.

5) Волтер Лэйерд «Техника Латиноамериканских танцев Лэйерда (Джайв)», издание 7-е, 2014., 54 с.

7.2 Еуропалық бағдарлама бойынша ұсынылатын дереккөздер:

- 1) Ховард Г. Техника исполнения европейских танцев, Издание 6, 2011г.
- 2) Спэнсэр П., Хэрн Д. «Вопросы и ответы для сдачи экзаменов по европейским и латиноамериканским танцам» на получении квалификации «ASSOCIATE» в Имперском обществе учителей танцев. Лондон – Санкт-Петербург
- 3) Исалиев А.Т. «История спортивного бального танца». Учебник. – Алматы: Goodprint, 2012. – 151 с.